

Праксис и постуральный контроль лежат в основе формирования многих функций. Праксис является основой для развития схемы тела, пространственной организации, речи, символической игры, произвольности, мелкой моторики, самостоятельности, а в дальнейшем и адаптивного поведения. Постуральный контроль - основа для формирования глазодвигательной координации, пространственной организации, концентрации внимания, адаптивного поведения.

В доработанной версии пирамиды М.С. Вильямс и Ш. Шелленбергер добавили блоки, показывающие значимость примитивных и постуральных рефлексов в развитии ребенка.

Это позволяет сделать вывод, что праксис и постуральный контроль имеют важное значение в развитии ряда высших психических функций.

Поэтапное развитие высших психических функций человека А. Лазаро и П. Берруэзо представлено на рисунке 1.

Таким образом, интегрированные рефлексy являются неврологической базой для двигательного и интеллектуального развития ребенка.

Список литературы:

1. Раевский В. В. РЕФЛЕКСЫ // Большая российская энциклопедия. Том 28. Москва, 2015, стр. 441.
2. Годдард Блайт Салли. Оценка нейромоторной готовности к обучению: диагност. Тест уровня развития от ИНФП и школьная коррекционная программа/Салли Годдард Блайт; ил. Лука Папп; пер. с англ. Н.О.Давыдовой. - М.:Линка-Пресс,2017.- 96с.: ил. - Доп.тит.л.англ.
3. Выготский Л.С. История развития высших психических функций / Выготский Л.С. Собр. соч. в 6-ти т. Т. 3. М., 1983.
4. Журба Л. Т., Мастокова Е. М. Нарушение психомоторного развития детей первого года жизни. — М.: Медицина, 1981, 272 с., ил.
5. Визель Т.Г. Основы нейропсихологии: учеб. для студентов вузов Т.Г. Визель. – М.: АСТАстрель Транзиткнига, 2005.- 384,(16)с.
6. Поллок AS, Дурвард BR, Роу П.Дж., Пол Дж.П. (2000). «Что такое равновесие? Клиническая реабилитация» 14 (4): 402.
7. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития/Э.Дж Айрес; [пер. с англ. Юлии Даре.] -М.: Теревинф, 2009.-272с.
8. Миляева М.В., Рабаданова Р.С. ИССЛЕДОВАНИЕ СПЕЦИФИКИ ТРЕВОЖНОСТИ И СТРАХОВ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ В РАЗВИТИИ // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. 2014. Т. 3. № 1. С. 40-49.
9. Рабаданова, Р.С. Роль педагога в развитии творческих способностей детей / Р. С. Рабаданова, Ф. М. Сулейманова, А. Л. Фатыхова // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. – 2021. – Т. 10. – № 4. – С. 44-49. – DOI 10.12737/2306-1731-2021-10-4-44-49. – EDN FWGGBZ.
10. Субъективность студентов с ОВЗ как условие активизации их профессиональной подготовки в вузе / Т. И. Бонкало, Г. Н. Юлина, Е. Д. Бакулина, Е. В. Мамышев // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. – 2022. – Т. 11. – № 2. – С. 46-51. – DOI 10.12737/2306-1731-2022-11-2-46-51. – EDN DOUAZQ.

Сведения об авторе (авторах):

Любимова А.П., Сакаева А.Н. - Карагандинский университет им. Е.А. Букетова (Караганда, Казахстан)

Lyubimova A.P., Sakaeva A.N. - Karaganda University named after E.A. Buketov (Karaganda, Kazakhstan)

УДК 786

ББК 65,3

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

Р.Б. Маженова¹, М.Б. Бейбітқан²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейде өзінің қызметтік міндеттемелерін орындауға құзіретті, тұрақты ғылыми және кәсіби ұстанымға

ие, әрбір баланың тағдыры үшін жауапкершілік сезімі қалыптасқан, дайындық сапасын арттыруға бағытталған маманға тән қажеттіліктің туындап отырғаны баяндалады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, мектепке дейінгі ұйымдар, тәрбиеші, оқу-тәрбие процесі, білім, іскерлік, дағды.

КОММУНИКАТИВНЫЕ КОМПЕТЕНЦИЙ ВОСПИТАТЕЛЕЙ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Р.Б. Маженова¹, М.Б.Бейбітқан²

¹Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, (Караганда, Казахстан)

В статье излагается, что воспитатели дошкольной организации на высоком научно-педагогическом уровне имеют компетентную, устойчивую научную и профессиональную позицию для выполнения своих служебных обязанностей, у каждого ребенка сформировано чувство ответственности за свою судьбу, возникает потребность, присущая специалисту, направленному на повышение качества подготовки.

Ключевые слова: компетентность, дошкольные организации, воспитатель, учебно-воспитательный процесс, образование, бизнес, навыки.

COMMUNICATIVE COMPETENCIES OF PRESCHOOL TEACHERS

R.B. Mazhenova¹, M.B. Beybitkhan²

¹Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan

The article describes that teachers of preschool organizations have a stable scientific and professional position, competent to fulfill their official obligations at the highest scientific and pedagogical level, a sense of responsibility for the fate of each child is formed, there is a characteristic need for a specialist aimed at improving the quality of training.

Keywords: competence, preschool organizations, educator, educational process, education, business, skills.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің коммуникативті құзыреттіліктері өзекті мәселелердің біріне жатады. Қазақстан Республикасының нормативті құжаттарында білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл жай ғана жиынтық емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарынан білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [1].

Белгілі бір саладағы білімдер жиынтығы, зерттеу дағдыларының болуы, алған білімдері мен дағдыларын нақты бір қызметке пайдалана алу - мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің коммуникативті құзыреттіліктерінің негізі. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің коммуникативті құзыреттіліктері оқу-таным әрекетінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасуы тиіс. Ол – заманауи оқытудың өзекті және озық формаларының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің коммуникативті құзыреттіліктері танымның ойлау, іздену, логикалық, шығармашылық үдерістерімен байланысты білім беру құзыреттіліктерінің тұтас кешенін құрайды. Оны қалыптастыру кезінде теориялық материал саналы түрде меңгеріледі, негізі ұғымдардың белгілері ажыратылады, білім көлемі кеңейеді, әр түрлі дағдылар мен біліктіліктер қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілерінің құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін ойластыру үшін ең алдымен, зерттеудің бастапқы алғышарттарын психологиялық - педагогикалық әдебиеттерді, диссертациялық зерттеулерді және қолданыстағы тәжірибені зерттеуге негізделі отырып анықтау қажет. Оларды жемісті анықтау үшін әдістемелік негіздемелер ретінде жүйелі және тұлғалық - қызметтік тәсілдер таңдалған. Әдістемелік тәсілдің мәні зерттелетін нысанның ішкі белсенділікпен және динамикамен сипатталатын құрамдас бөліктерінің ұйымдасқан өзара әрекеттестігіндегі бір

тұтастық ретінде қарастырылуына негізделеді. Мәселені зерттеуге жүйелік тәсілді қолдану мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілерінің құзыреттілігін қалыптастыруды, оның құрамдас бөліктерінің құрамы, байланыстары және қалыптасу мен қызмет ету барысындағы қатынасы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Жүйелік тәсіл біздің зерттеуімізде мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілерінің құзыреттілігін қалыптастырудың қолданыстағы тәжірибесін анықтауға, бағытталады [2].

Тұлғалық – тұлғалық қасиеттерімен, шығармашылық қабілеттерімен, ынтасын дамытумен және т.б. байланыстыруға мүмкіндік береді. Оны қолдану тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін, оның дербестігін сақтауға мүмкіндік беретін жолдар мен құралдарды таңдауға жағдай жасайды.

Аталмыш мәселе бойынша әдебиеттерді талдау білім беру нәтижелерін бағалауды «білімділік», «әзірлік», «тәрбиелілік» ұғымдарын «құзыреттілігі», «құзырлылығы» ұғымдарына алмастырып, күрт қайта бағдарлану орын алғанын көрсетіп отыр. Сонымен, бір мезгілде құзыреттіліктің қалыптасу тарихы «құзыреттілік» ұғымының өзінің де, оған негізделген білім беру үдерісі мен нәтижесі тәсілдерін түсіндірудің көпжақтылығы мен көп өлшемділігін көрсетіп отыр.

Құзыреттілік мәселесі бойынша бірқатар ірі ғылыми – теориялық зерттеулердің бар екендігіне қарамастан ұғымның мәнін сипаттайтын ұғымдық аппарат әлі қалыптасу үстінде.

Еуропалық білім беру қорының терминдер глоссарийіне сәйкес құзыреттілікке келесідей анықтама беріледі: қандай да бір нәрсені жақсы және тиімді жасау қабілеті; жұмысқа орналасу барысында қойылатын талаптарға сәйкестік; айрықша еңбек қызметін орындай алу қабілеті.

Б. Тұрғанбаева, құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молайды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады десе, К.Құдайбергенова, тұлға құзырлылығын қалыптастыру жолдары: білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады; тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді деп көрсетеді.

Д.И.Ушаков редакциясымен шығарылған түсіндірме сөздікте құзыреттілікке «аталмыш тұлға беделге, таным мен тәжірибеге ие мәселелер мен құбылыстар шеңбері» деген анықтама беріледі.

А.В.Хуторской құзыреттілікті «белгілі саладағы тиімді және өнімді қызметіне қажетті, білім беру дайындығына қойылатын алдын ала белгіленген әлеуметтік талап (норма)» ретінде түсінеді. Д.А. Иванов құзыреттілікті «дербес және қоғамдық талаптарға табысты жауап беру немесе міндеттерді орындау (немесе қызметтерді жүзеге асыру) қабілеті» ретінде қарастырады.

В.М. Шепель құзыреттіліктің анықтамасына білім, білік және тәжірибені қосады. С.Г.Вершовский және Ю.Н.Кулюткин құзыреттілікті тұлға сипаттамасы ретінде қарастырады, В.Ю. Кричевский – қызметті жүзеге асыру ретінде; В.А.Сластенин – тұлғаның жанастырғыш, құрылымдық, ұйымдастырушылық біліктіліктерінің бірлігі ретінде; Л.И. Панарин–субъектінің еңбекті әлеуметтік және техникалық бөлу жүйесіндегі біліктіліктер жиынтығы ретіндегі жеке қасиеті, сонымен қатар, осы біліктілікті өз жұмысында тиімді қолдану қабілеті ретінде қарастырады.

Құзыреттіліктің жоғарыда аталған анықтамаларын талдау зерттеушілердің көпшілігі құзыреттілік – біліктілікті меңгеріп қана қою емес, міндеттерді білу арқылы шешуге дайындық деген көзқарасы тұрғысынан қарастыратынын көрсетеді.

Біз құзыреттіліктің басқа да анықтамалары (В.Ландшеер, П.В. Симонов, М.А.Чошанов) аталған анықтамаларға қарсы келмейді және оның мәнін толықтай көрсетпейді деп есептейміз. Атап айтар болсақ, М.А.Чошанов негізінен құзыреттіліктің мазмұндық құрауышын (білім) және процессуалдық құрауышын (білік) көрсетеді. В.Ландшеер құзыреттілікті тереңдетілген білім, тапсырманы дұрыс орындау жағдайы, қызметті дұрыс орындау қабілеттілігі ретінде түсінеді.

Қарастырылып отырған анықтамаларда «құзыреттілік» ұғымының мазмұнына екі көзқарас қарастырылады. Бір зерттеушілер құзыреттілікке адамның кіріктірілген тұлғалық қасиеті ретінде баса назар аударса (адамның сипаттамасы), келесілері – оның қызметінің құрауыштарының сипаттамаларына, оның мәселені табысты шешуге мүмкіндік беретін әр алуан аспектілеріне мән береді.

Құзыреттілік – бұл тұлғалық және әлеуметтік маңызды өнімді қызметті жүзеге асыру үшін қажетті нақтылық нысандарының белгілі шеңберіне қатысты мағыналық бағдарының, білімінің, біліктілігінің, қызмет тәжірибесінің және рефлексиясының жиынтығы. Біз осындай құзыреттілік ұғымы педагогикалық білім беру саласында да қолданылуы мүмкін деп есептейміз. Осындай қасиеттерге (құзыреттілікке) оқыту қажеттілігі негізінен білім берудің қиындығы мен динамизмінің артуымен сипатталатын заманауи қоғамның талаптарына жауабы болып табылады.

С.Е.Шишов және В.А.Кальней пікірінше, құзыреттілік оқыту нәтижесінде алынған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға және бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет түрінде болады. Бұл

кабілет белгілі жағдайда тапсырманың шешімін табу үшін қажетті білім мен тәжірибені шоғырландыруға мүмкіндік береді. Құзыреттіліктің көрінісі белгілі жағдайда әрекет ете алу біліктілігі болып табылады. Бақылауға болатын біліктілік арқылы адам бойында қалыптасқан құзыреттіліктің болуы туралы қорытынды жасауға болады. С.Е.Шишов және В.А.Кальнейге сәйкес құзыреттілікті білім мен жағдай арасындағы байланысты белгілеу мүмкіндігі ретінде, ал кең мағынада мәселенің шешімін табу үшін қолданылатын үдерісті (білім мен әрекет) анықтау қабілеті ретінде қарастыруға болады.

Дерек көздеріне талдау жасау арқылы біз «құзыреттілік» ұғымына келесі анықтамаларды беруге болады деген қорытындыға келеміз: болашақ маманның қандай да бір жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімі, біліктілігі, дағдысы мен тәжірибесінің жиынтығы (В.С.Леднев); қажетті тұлғалық қасиет (Б.Г.Ананьев); өмірлік және кәсіптік жағдайда туындайтын мәселелердің шешімін табу біліктілігі (Н.В. Кузьмина, А.А.Деркач); маманның кәсіби қызмет үшін маңызды кез келген сипаттамасы (А.К.Маркова); тәжірибелік әрекеттердің күрделі жүйесін меңгеру қабілеті (В.Н.Мясищев).

Осылайша, аталмыш көзқарас тұрғысынан «құзыреттілік» ұғымына маманның кәсіби қызметімен тікелей байланысты сипаттамалары, тұлғалық сипаттамалары және адамның басқа адамдармен өзара қатынасына қатысты сипаттамалары жатқызылады [3].

Құзыреттілікті анықтауда жүргізілген әр түрлі тәсілдерге талдау бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік берді: зерттеушілер құзыреттілік пен қызмет арасындағы тығыз өзара байланыстың бар екендігін атап көрсеткен. Құзыреттілік әрекеттен ажырамайды, сол себепті ол тек қызмет үдерісінде ғана көрініс табады; құзыреттілік тәжірибемен бірге келеді; көптеген зерттеушілер құзыреттілікті тұлғалық сипаттама ретінде қарастырады; зерттеушілер бұл ұғымды анықтауда да, Құзыреттілікке баса назар аудару қоғамдағы ғылыми-техникалық алға басудың артуына және осының салдары ретінде мамандарды дайындау талаптарының өзгеруіне байланысты болып отыр отыр. Л.Н. Богданович, П.И. Лобко, М.Г. Сачек және т.б. айтып кеткендей, маман әртүрлі тәсілдерді меңгеріп, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін біліп, шағын ғылыми-зерттеушілік жұмыстарды өз бетінше орындай алуы керек. Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады: түйінді құзыреттер; жалпыланған пәндік біліктіліктер; қолданбалы пәндік біліктіліктер; өмірлік дағдылар.

Бұл төрт бағыттың бәрі бізде үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің құзыреттіліктерін, олардың жұмысқа дайындығын арттыруға септігін тигізетін болады.

Әдебиеттер:

1. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. - СПб.: Питер, 2012. - 288 с.
2. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. –
3. Казань, Центр инновационных технологий, 2010. - 608 с.
4. Введенский В.Н. Компетентность педагога как важное условие его
5. профессиональной деятельности // Инновации в образовании. - 2019. - №4.

Сведения об авторе (авторах):

Р.Б. Маженова, М.Б. Бейбітқан - Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

УДК 846
ББК 78,1

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Р.Б. Маженова¹, Ә.А. Есмагулова²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

Білім беру жүйесінде педагог-психологтарды дайындау процесі үнемі даму үстінде. Осыған орай, білім беру стратегиясы да өзгеруде. Қазіргі жоғары оқу орындарында педагог-психологтарды дайындау стратегиясы құзыреттілік тәсілдің басымдылығына және студентке орталықтандырылған оқытуға (студентоцентрированное обучение) негізделіп, кәсіби қызмет